

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі

Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйымы (балабақша)	«Әсем»бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гулзахира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	06.02-10.02.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Балаңызben қыста серуендеуді қалайша көнілді және пайдалы етуге болады" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сұлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаган табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек- орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жарапкершілік сезімін тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаган табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырактарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (енбек дағдылары)
	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойны. Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген ұлгіге қарап, геометриялық	"Жұп суреттер" үстел үсті ойны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын,	"Еңбек құралдарын ата" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (п- б) дыбыстарды анық	"Мозаика" үстел ойны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау	"Дүкенші" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы

	<p>пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзben қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.</p> <p>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласындар.</p> <p>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.</p> <p>қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл</p>	<p>суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.</p> <p>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.</p>	<p>айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,</p> <p>аппаратты дамыту.</p> <p>Еңбек құралдарының суреттер бойынша атауын атау.</p> <p>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Еңбек құралдарының суретін бояу.</p> <p>(сурет салу)</p>	<p>қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Шарты:</p> <p>геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен улгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру.</p> <p>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.</p> <p>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, математика</p>	<p>түсінік беру. Рольге бөлініп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>Дүкенші суретін бояу.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>"Не артық?" үстел үсті ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету;</p> <p>байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту;</p> <p>еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>үшбұрыш қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, коршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.</p>	<p>- Тағам әзірлейтін кім? Аспаз. Би билейтін кім? Биши. Шеге қағар ... Шебер. Үй салатын... Құрылышы. Адамды емдейтін... Дәрігер. Зат сататын... Саудагер. Шаш қиятын... Шаштараз. Іске сәт тап, жанталас. Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады. (сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен тәнису)</p>	<p>негіздері)</p> <p>"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік корды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал- заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктең, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге</p>	<p>жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу. (сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен тәнису)</p>
--	---	--	---	--

	(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, музика)			тырысады. (казақ тілі, сөйлеуді дамыту)	
Таңертенгі жаттығу	<p>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаңады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталаңады).</p> <p>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дene бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Дәмді тағам дайын, пай, пай ...</p> <p>Шақырады шебер аспаз апай (ағай)</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Үйымдастырылған	"Үй құрылышының "Зейінді бол"	Шаттық шенбері	Шаттық шенбері	Шаттық шенбері	

іс-әрекетке дайындық	ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. (математика негіздері)	Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйимдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Эжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйимдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспандың күн күлсін Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспандың күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын. (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйимдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу. Күн нұрындағы көнілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын. (сөйлеуді дамыту)
Білім беру үйімінің кестесі	Дене шынықтыру "Ұшқыш болам	Дене шынықтыру "Солдат болам	Музыка "Жүргізуш".	Дене шынықтыру "Аэродром".	Қазақ тілі «Ас бөлмесінде

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	самғайтын". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету.	кезінде". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға он қолмен тік нысанага көздел лақтыруға үйрету; дene шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.	Мақсат-міндеттер. Балаларды жана әнді тыңдал, оның сипатын ажыратада үлуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білуге дағыландыру; музикалық аспаптың дыбысын ырғақты бере білуге үйрету; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музикалық сауаттылығын дамыту.	Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60 сек.) қарқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту.	қандай заттар болады?». Ыйыстар. Мақсат-міндеттер. «Ыйыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету.
2- таңғы ас	Балаларға тاماқ ішер алдында қолды жуу, тاماқтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тاماқ ішер алдында балалардың				

	бір-біріне астын дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуда ынталандыру.</p> <p>- Жапалақ қар, Армысың?</p> <p>Дүниеде бармысың?</p> <p>Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді!</p> <p>Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді,</p> <p>Мамық қар!</p>	<p>Қысқы ауа райын бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бүлтты және ашық, сұық болуына көніл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, айналаға қарандаршы.</p> <p>- Иә, айналада қар жатыр.</p> <p>- Аспанымыз сұр (көгілдір).</p>	<p>Қарды бақылау (қардың тұсі).</p> <p>(коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл аудару, адамдардың мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту.</p> <p>- Балалар, бәрекелді!</p> <p>- Қарандаршы, айналада не жатыр?</p> <p>- Иә, бұл - қар.</p> <p>Ақ мақтадай ұлпа қар жамылышты қырқалар.</p>	<p>Желді бақылау.</p> <p>(коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды ағаштың бұталарына қарал, желдің соғуын байқауға ұрпету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>- Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма?</p> <p>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.</p> <p>- Жел соғып, бізben ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды.</p> <p>Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.</p>	<p>Күнді бақылау.</p> <p>(коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды құннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға құннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтап болғаннан</p>

<p>Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (енбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүргүйде үйрету, аяқтың табанын толық басып және</p>	<p>- Бірақ қыста күн сүйк. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. - Қыс мезгілі. Суықта</p> <p>Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыпташ. Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала.</p> <p>Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын</p>	<p>Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. <i>Шәймерден</i> <i>Әлдібекұлы.</i></p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қаралған ұсақ, күрғак бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>Ак көшелер. Ақ сала. топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Пойыз" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек жастаган бағытпен</p>	<p>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсындар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, күрғак бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>(енбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>"Пойыз" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек жастаган бағытпен</p>	<p>кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (енбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>тазалыққа, еңбексүйгіштікке</p>
--	--	--	--	---

	аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Тұрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар еken? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні	қардан тазалауға шақыру. (енбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзben қимылдарға ынталандырады. Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге	жүруді үйрету; өзге балалардың жаңында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілеттін дамыту. Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тындалуға болады. - Балалар, естіп тұрсындар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шакырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Саптан қалмай,	тәрбиелеу. "Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа
--	---	---	--	---

	<p>тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүрге бағыттары аудысады.</p> <p>"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық"</p> <p>қимылды жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>бөленигеге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсан, жан- жаққа бағыттап жүгіру;</p> <p>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.</p> <p>- Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашиқ, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар!</p>	<p>үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай!</p> <p>Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ...</p> <p>Д. Ахметова "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Д. Ахметова "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (dene шынықтыру)</p>	<p>Д. Ахметова "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту;</p> <p>Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (dene шынықтыру)</p>	<p>жиналып, жүрге шақырады. Тақпақты оқи жүреді. <i>"Тик-так".</i></p> <p>"Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат.</p> <p>Біз сағатқа ұқсан, Жүреміз: "ток-так".</p> <p>Д. Ахметова Ойын бірнеше рет өткізіледі.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан- жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі.</p> <p>"Шенберден шықпа" жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге тұрып, шенбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>			
Серуеннең оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Дәмді тағам дайын, пай, пай ...</p> <p>Шақырады шебер аспаз апай (ағай)</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>			

Күндізгі үйкө	Балалардың тыныш үййектауына жайлыш жағдай туғызы.				
Бірте-бірте тұрғызыу, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>Нүктелі массаж. Суық тиуге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дene сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалау. - Тұшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайымыздың қойып уқалау. - Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Күйршаққа тарақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды көк қарындаш арқылы көлденең жатқан қағаздың екі жағында тіке сыйықты жүргізіп, тәменәңгі шеттерін түзу және додалы сыйықпен қосып, арасын қысқа, түзу, тіке сыйықтар	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Етікші". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Етікші" ертегісімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; ертегі кейіпкерлерінің қимылдары мен сөздерін қайталап айтуда жаттықтыру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Аспазда көмектесейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тәң не тәң емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және тенденстіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін	Мұсіндеуден ойын-жаттығулар "Түймелер". Мақсат-міндеттер. Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймеледің маңызы туралы түсінікттер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру.	Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Орманшының андары". Мақсат-міндеттер. Орман жануарлары туралы ұғымдарын кеңайте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Орман

	<p>қатарымен толтырып, тарақ бейнесін салуға үйрету.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Шаштараз". Мақсат-міндеттер: балаларды шаштараз кәсібімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>"Үй құрылышы" сюжетті-рөлдік ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылышы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбеккорлықта тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Құрылыш материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылышқа қажет ойыншық құралдар (балға, бүрағыш, тістеуік, тағы басқалар).</p> <p>Педагог балалармен</p>	<p>қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Жүргізуші". Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысы турали мен дағдыларды бекіту, ойынға деген қызығушылықты дамыту,</p>	<p>жануарлары туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын: "Жедел жәрдем". Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер, медбике мамандықтарына қызығушылығын ояту; науқасқа деген сезімталдықты, зейінділікті, мейірімділікке, жауап беру, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</p>
--	--	---	---	--

		<p>құрылышқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуши, жүк тасушы).</p> <p>Балалар құрылышқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Танкист" тақпағын айтқызу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Танкист" (Тұрсын Жүртбаев) Танкі мініп, өскенде, Корғаймын мен</p>	<p>Санамақ айтқызу. (Ермек Өтегілеуов)</p> <p>Жиналған соң достары, Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екінші - егінші, Үшінші - бақташы, Төртінші - теңізші. Бесінші - балташы,</p>	<p>"Пошташы" тақпағын айтқызу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Пошташы" (Ескермес Ескендіров)</p>	<p>"Сөйлем құрастыру".</p> <p>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машиқтандыру;</p>	<p>"Құрылышты" тақпағын айтқызу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Құрылышты" (Шекербек Садыханов)</p> <p>Қолда темір қалағым, Саздан сарай</p>

	<p>елімді. Таптамаймын еш жерде Гүлдер менен егінді. (көркем әдебиет)</p>	<p>Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізінші - сырнайшы, Тоғызынышы - тігінші, Оныншысы - орманшы. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жүріп, Көрген емес болдырып Қайтады үйге, алғысты Қапшығына толтырып. (көркем әдебиет)</p>	<p>сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кенеңтү, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы мамандық турлери, мамандықтардың құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. (көркем әдебиет) "Көрнекті ғимарат" құрылыш ойны. Мақсат-міндеттер. Текшелерден көрнекті ғимарат құрастыру. (құрастыру)</p>
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Тұсқі серуендеңі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қунделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сактау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы</p>				

	<p>келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Дәмді тағам дайын, пай, пай ...</p> <p>Шақырады шебер аспаз апай (агай) (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарau және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпактар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін мәнгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу ұлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуда баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музика аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажыратада білуді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандаш жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл қуйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуда, әнді бірге бастап, бірге аяқтауда.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасауда.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p>

	<p>Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагина бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу) Құрастырған құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бұктеу, қатпарлау) қолдану.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<p>Психолог кеңесі. Мысалы: "Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Балалардың қол саусақ моторикаларын дамытамыз".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Қазіргі заманғы отбасындағы қатынастар".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Балалардың озбыр мінез-құлқының бастаулары".</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.</p>

Әдіскер:

А.А.Сулейменова